

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың санасын рухани жаңғырту.

Міндеттері:

1. ҚР –ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғырту» бағдарламасының кіші бағдарламаларын басшылыққа алу;
2. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
3. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
4. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
5. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
6. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
7. Өрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
8. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінет-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
9. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Нәтижесінде: Жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, тиңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынталы мақсаттық және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам тәрбиелеу.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие:

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	1-қыркүйек –Білім күні. «Тәуелсіздік жетістіктері»	Бірлiгiй сынып сағаттары	қыркүйек	3-9 сынып жетекшілері
2	ҚР Конституция күні: 1.«ҚР-ның Конституциясындағы Ата Заңын құрметтеймін» 2.Семей адролық полигонының жабылуы	Танымдық сабақ, тәрбие сағаттары,	24- 31 тамыз	Ұжым 3-9 сынып жетекшілері Бахи А.
3	Мектеп тәлімгерлері және «Жас Ұлан» ББЖУ-ның белсенділері арасында «Патриоттық тәрбие-бәсекеге қабілетті ұлт факторы» «Ең жақсы безендірілген сынып»	семинар-тренинг	Қазан қаңтар	Тәлімгер Уай М. ТІМ
5	«Кел, балалар, оқылық,Оқығанды қоңілге» Ыбырай Алтынсаринның туғанына 180 ж.	Тәрбие сағаты. Көрме	Жыл ішінде	Әліева Ш.Ө. кітапханашы
5	Жолда жүру ережелерін сақтау бойынша «Абайлаңыз, балалар!», «Қуәлсіз жол»	Сынып сағаттар.	Жыл бойы	ТІМ Атағұжина А.Ж. Сынып жетекшілер
6	1-желтоқсан ҚР тұңғыш Президенті күніне: "Менің Тұңғыш Президентім», «Маңғілік ел»	Тарихи-танымдық сағаттары	30-қараша	Уай М.
7	Білім беру мекемелерінде сенім қызметтері жұмысын ұйымдастыру (балаларды қоғамдық қабылдауы, сенім жәшігі мен поштасы)	Сенім жәшігі жұмысы	Жыл бойы	ТІМ Атағұжина А.Ж.
8	ҚР мемлекеттік Рәміздерін қолдану мен насихаттау	іс-шаралар	Қаңтар	Сынып жетекшілер Атағұжина А.Ж.
9	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» акциясын ұйымдастыру «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы	акция	Қаңтар	Сынып жетекшілер ТІМ Атағұжина А.Ж.

10	«Ақсулар ұйыстағанда» Мұқағали Мақатаевтың 90 жыл толуына арналған өлең айтысы.	Сыныптан тыс	Ақпан	Хызмет О.
11	«Үрпаққа ұран болған Ұлы жеңіс» Жеңіс күніне арналған іс-шаралар	Сыныптан тыс	Мамыр	Силам А.
12	31-мамыр – Құттың -сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар	Көрме ,сынып сағаты	маусым	Қайық Н.
13	«Бала еңбегінің ауыр түріне «ЖОҚ!» деңіз!» атты іс-шаралар	Акция	1-12 маусым	Тәлімгер, сынып жетекшілер
14	Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие бағыты 6-ша жасалған жұмыстарды қорытындылау	Ақпараттама	Мамыр	ТІМ Атағұжина А.Ж.

Күтілетін нәтиже:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті, патриотты азамат болуға тәрбиеленеді. . Оқушылардың құқықтық санасын оятып, құқықбұзушыларға қарсы тұруға деген дайындығы қалыптасады. Өлеуметтік құндылықтарға құрметпен , мақтанып сезімдері оянып, жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие:

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

<i>№</i>	<i>Іс-шара мазмұны</i>	<i>Түрі</i>	<i>Уақыты</i>	<i>Жауапты</i>
1	«Мектепке жол» акциясы, аз қамтылған отбасы балаларына көмек (ақпараттама)	қайырымдылық акциясы	қыркүйек	ТІМ Атағұжина А.Ж.
2	«Туған жер» бағдарламасы аясында оқушылар арасында туған өлкеміздің мәдени -тарихи құндылықтарын зерттеу және насихаттау мақсатында Көкшетау қаласына онлайн-экскурсия ұйымдастыру	Онлайн экскурсиялық саяхат	Жыл бойы	ТІМ Атағұжина А.Ж. 3-9 сынып жетекшілері

3	1 қазан - Қарттар күні "Қарттарым -асып қазынам"	Қайырымдылық акциясы	Қазан	Тәлімгер Уай М.
4	1.18-қазан – Рухани келісім күні. «Рухани келісім күні — бірлік пен тұрақтылық кепілі» 2.«Жомарт жүрек» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психологиялық тренинг	Сынып сағаттары	Қазан	Хызмет О. Педагог психолог
5	1."Ұстазым - ұлық бәрінен "мұғалімдер күні	Концерт ,құттықтау кеші.	Қазан	Қайық Н.
6	«Әсем қоңыр» әйгілі күйші композиторы Дина Кенжеқызы Нұрпейісова», «Алтын Адам»	колонер көрмесі	уақытында	Тәлімгер Уай М.
7	1-наурыз – «Алғыс айту күні», «Құрметтеймін қартымды» акция	Акция	наурыз	Сынып жетекшілер
8	«Ана туралы жыр»	Мәнерлеп оқу, әндер жинағы	наурыз	Сынып жетекшілер
9	«Өлемге қуаныш сыйла». «Ең үздік сынып жетекшісі» сайыс.	психологиялық акция	Желтоқсан Сәуір	Педагог-психолог Атағужина А.Ж.
10	Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша жасалынған жұмыстарды қорытындылау	ақпараттама	мамыр	ТІМ Атағужина А.Ж.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың бойында үлкенді сыйлауға, құрметтеуге , кішіге ізет көрсетуге , адамгершілік қасиеттері оянады. Рухани байлықтары кеңейеді. Өзінің арна, парызын ой мен сөз бірлігіне , өз мінез-құлқын жетілдіруге, адамдарға риясыз қызмет етуге , өз ата-анасын, Отанын құрметтеуге үйренеді.

Ұлттық тәрбие:

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	22-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері күні «Тілім менің- тірлігімнің тірегі»	Танымдық сағаттары	Қыркүйек	Атагулова А.Ж.
2	«Ана тілім - ардағым» атты тіл мерекесіне арналған іс-шаралар	Апталық	Қыркүйек	ӘБЖ, пән мұғалімдері
3	«Аяулы- Алтын күз» мерекесі	Мерекелік концерт	Қазан	Өлшева Ш.Ө.
4	«Ақберен», «Абай оқулары» байқауларында қыз бейнесін дәріптеу	Мәнерлеп оқу байқауы	Наурыз Сәуір	Қазақ тілі пәні мұғалімдері
5	«Ана – ұлт тәрбиешісі»	Аналарға арналған мерекелік кеш	Наурыз	Сынып жетекшілері
6	Наурыз – көктем мейрамы. Қазақстан халықтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін насихаттау мақсатындағы іс-шаралар «Наурыз келді, күт болып» ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдар байқауы	Түрлі байқау, жарыстар	наурыз	Сынып жетекшілер
7	"Армысың, Өз Наурыз!"	Наурыз мерекесіне арналған апталық	Наурыз	Қайық Б.
8	«Салт-дәстүрлер керуені»	сәндік қолданбалы өнер түрлерінен шеберлік сынып	Наурыз	Технология пәні мұғалімдері
9	Қазақстан халықтарының біраігі күніне арналған "Ынтымағы жарасқан" іс-шара	өзге ұлт өкілдерімен кездесу сұхбат	Мамыр	Тәлімер
10	Ұлттық тәрбие бағытында жасалынған жұмыстардың қорытындылауы	ақпараттама	мамыр	ТІМ

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар этникалық өзіндік санаға, мемлекеттік тілді және ана тілін құрметтеуге, өз халқының мәдени мұрасын, қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпын, Қазақстанның этномәдениетін, этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтан етуге, құрметтеуге тәрбиеленеді.

Отбасы тәрбиесі:

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	1. Ата-аналар комитетінің, ата-ана үштігі және қамқоршылық кеңес мүшелерін қайта сайлау; 2. «Әке», «Ана» мектебінің жұмыс жоспарын жасау	Ұйымдастыру жұмыстары	Қыркүйек	Кеңес мүшелері
2	«Отбасы құндылықтары» Қазақстандық отбасы күніне арналған ісшаралар. «Отбасы құндылығы – сарқалмас жазына» тақырыбында сынып сағаттары	ата-анаға психологиялық көмек	қыркүйек	ТІМ
3	«Отбасы сағаты»	Жиыналыстарына атсалысу	Апта сайын	Сынып жетекшілер Ата-аналар
4	Отбасы күні «Отбасы – бақыт мекені» : 1. "Мен және менің отбасым" 2. «Өз балаңа үлгі бол»	ата-аналармен онлайн психологиялық тренинг	қыркүйек	Сынып жетекшілер Педагог психолог Сынып жетекшілер
5	«Мектептегі Қамқоршылық кеңесінің жұмысы»	семинар, тренинг	Жыл бойы	Педагог психолог
6	1.«Толағай» отбасылық сайыс 2.«Әке, шешем және мен»	отбасылық сайыс	Қазан Қараша	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
7	Халықаралық отбасы күні	Кездесу -сұхбат	сәуір	Мектеп әкімшілігі

	«Мерейлі отбасы»			
8	1. "Отбасы - тәрбие мектебі" 2. «Өз өміріне әдейі қиянат жасудың алдын алу» тақырыбында тренинг	Ата-аналар жиналысында	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
9	«Ата-анамның жұмыс орнына 1 күні»	экскурсия	наурыз	Тәлімгер Сынып жетекшілер
10	Отбасы тәрбиесі бағыты б-ша жасалынған жұмыстарды жорытындылау	ақпарат	Мамыр	ТІМ

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта екенін, отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы екенін, отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысатынын, мінез-құлық нормаларын игеретінін біледі. Өнегелі отбасылармен кездестіргенде өздері де болашақ ана мен әке болғанда үлкен өнегелі азамат пен азаматша болуға өздерін қалыптастырады. Ата-аналар мектепте біріккен кездесулерде, дөңгелек үстелдерде, тренингтерде балаларының әрбір қасиетіне көңіл бөліп, балаларының дарындылықтарын дамытуға, жауапты бала тәрбиелеуге, неке құндылықтарына құрметпен қарауға құнды деректер алады.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие:

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	«Жас Ұлан» ББЖҰ, «Өзін өзі басқару» ұйымының жұмысын жандандыру;	Ұйымдастыру	Үнемі	Тәлімгер Уай М.
2	1. «Біз жолдардағы қауіпсіздікті қолдаймыз» 1-сыныптарды жеке таныстыру; 2. «Қауіпсіз мектеп» акциясы; 3. «Өрт –гілсіз жау»	Акция, түсіндірме жұмыстары	Қыркүйек	Мектеп инспекторы Тәлімгер
3	Сенбіліктерге қатысу, мектеп алаңдарын «баттаңдыру, «Біз таза қала үшін!» акция- челеңджеге қатысу,	Тазалық жұмыстары мектеп ауласына тазалық жұм.	Қыркүйек	Сынып жетекшілері

	1. «Таза аула» 2. «Таза мектеп» акциясы 3. "Аяласаң табиғатты аяла!"	политинг		
4	«Электр энергиясы- болашақтың қуаты»	сурет, шығарма сайыстары	Қаңтар	Сынып жетекшілер
5	1.«Ғажайып қалдықтар» табиғи таза материалдардан жасалған бұйымдар көрмесі; «Қоқыс –бұл ресурс»-жобалар	Көрме	Наурыз	Көркем еңбек пәні мұғалімдері
6	1. «Мамандықтар әлемінде» 2.«Бір күндік практика» жобасы	Бейнеролик, шығарма, КВН, байқауы	уақытында	Тәлімгер Уай М.
7	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты 6-ша жасалынған жұмыстарды қорытындылау	ақпараттама	мамыр	ТІМ

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әртүрлі қызметке, позитивті көзқарас қалыптастыруға, экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға, еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге үйренеді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие:

Мақсаты:

тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	1.«Рухани жаңғыру: Елорданың еңселі белестері» 2.«Ұлттымыздың ұлылығы –рухани мықтылығы» 3.«Рухани жаңғыру: Бір жол, бір белес...»	Танымдық сабақтар	Қыркүйек	Сынып жетекшілер
2	5-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдері күні «Бір шаңырақ астында»	Танымдық сайыс	қыркүйек	ӘБЖ, Пән мұғалімдері
3	«Әйел-Ана, әйел-ару, әйел-гүл»	Мерекелік концерт	Наурыз	Хызмет О.

	8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне байланысты іс-шаралар			
4	«Наурыз-мерекем, Наурыз-берекем!»	Ұлттық мерекелік бағдарлама	Наурыз	ТІМ Сынып жетекшілер
5	"Алтын күз"	Күз мерекесі іс-шаралары	Қазан	Хызмет О.
6	«1 мамыр -Ынтымақтастық және бірлік күні»	Мерекелік іс-шара	Мамыр	Усетаева Л.С.
7	Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты б-ша жұмыстарды қорытындылау	Есеп	мамыр	ТІМ

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар толеранттық және ғаламдық пікірмен санасуға, көпмәдениеттілік және көптілділікті үйренуге, мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білуге, мәдениетаралық әрекетке, қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына, қарым-қатынас мәдениетіне, эстетикалық мұраттарға, көркем өнер құндылықтарына, шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық ұмтылыстарын танытады. Сөздік қорлары молайады. Өзін-өзі дамытуда, іздентуге, шығармашылықпен айналысуға, қалыптастыруға дамытады.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі:

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік келістік қалыптастыру.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	"Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла" Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні	Мәнерлеп оқу байқауы	қыркүйек	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
2	Жаратылыстану бағыты бойынша үйірмелер жұмысын ұйымдастыру	Ұйымдастыру	қыркүйек	Үйірме жетекшілері
3	Мамандық таңдау уақыты "Білімді мыңды жығар"	Сайыс	Қазан	Тәлімгер
4	Дебаттық ойындар «Бүгінгі заманның құндылығы	сайыс	Ақпан	Тарих пәні мұғалімі

	неде?»			
5	«Ұлы даланың жеті қыры» мақала аясында әдеби танымдық кітап көрмесі, «Кітап-тарих, шежіре» кітапхана жұмысын ұйымдастыру	көрме	Жыл бойы	Кітапханашы Өліева Ш.Ө.
6	Білім беру мекемелерінде «Мен-жылыңды жас ұрпақ» -	Президентке хат	қараша	сыныптар жетекшілері
7	Өлкетану «Жас зерттеуші», «Жас ізденуші» ғылыми жұмыстар	Ғылыми жоба	Жыл бойы	сыныптар жетекшілері
8	«Үздік сынып», «Үздік сынып жетекшісі-2021» байқауы	Сайыс	Қараша	ТІМ
9	«Бір отбасы-1 кітап» жобасы «Жаңа 100 кітап»	акциясы	Сәуір	Тәлімгер 3-9 сыныптар жетекшілері
10	«Жас жол инспекторлары»	Байқауы	Мамыр	Тәлімгер
11	9- сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу	Танымдық сағат	Жыл бойы	Сынып жетекшісі, педагог-психолог
12	«Сыңғырла, соңғы қоңырау»	Соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын	25 мамыр	Хызмет О.
13	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша жұмыстарды қорытындылау	Ақпараттама	Мамыр	ТІМ

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алу және алған ақпаратты пайдалануға, сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалануға, зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне, пікірталас жүргізу дағдылары, жасампаз қызметке, топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға, ақпарат көздерін сыни іріктеуге, Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне, Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіруге, Интернеттік-сауаттылықтарын қалыптастыруға, ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға, жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылуға және қызығушылық білдіруге тәрбиеленеді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты:

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

№	Іс-шара мазмұны	Түрі	Уақыты	Жауапты
1	1.«Мен, сен, ол – салауатты елміз» сынып сағаттарын ұйымдастыру	Жаттығу, Көңілді мөре сайысы	қыркүйек	Силам А.
2	1.«Наркопост» ережесінің жоспары бойынша іс-шаралар; 2. «Нашақорлыққа жол жоқ!»	Ережесі, мүшелерін сайлау	Қыркүйек	ТІМ, Ахатхан А.
3	1.«Салауатты өмір салты» КТК 2. «Ертеңді ойласаң, есірткіге жолама!» бейнеролик, шығарма байқауы	Байқау, жарыс, сайыс	Қазан	Силам А.
4	1.1-желтоқсан –Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні” (XXI ғасыр проблемалары, АҚТК/ЖҚТБ); 2. 24-сәуір –Бүкіләлемдік туберкулезбен күресу күні	Сыныптан тыс	желтоқсан сәуір	ТІМ
5	1.«Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» 2. «Көңілді эстафета» 3. «Зиянды заттардан сақтан»	аэфальтта сурет салу; Спорттық ойындар	мамыр	Тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
6	«Қауіпсіз жаз» Жаз айларындағы қауіпсіздік ережелері. Бос уақытты ұйымдастыру	Өңгіме, пікірталас		Сынып жетекшілер
7	26 маусым –Бүкіләлемдік нашақорлықпен күрес күніне спорттық сайыстар	Сайыс, эстафета	маусым	Силам А.
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты б-ша жасалынған жұмыстардың қорытындысы	Есеп	Мамыр	Силам А.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар денсаулық жағдайының скринингін анықтауға, әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге жетуге, теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге, табиғи қабілеттерді орында пайдалануға, денсаулық сақтауға және нығайтуға, өмірдегі жаңа жағдайларға сабырдылықпен қарауға, қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етудің жолдарын табуға, денсаулық сақтау ортасын құруға қалыптасады. Өздеріне денсаулық керек екенін, денсаулыққа әсер тигізетін жат заттардан сақтану керек екенін ұғынады.

Тәрбие жұмысының жылдық есебі

Ескенежал ауылының негізгі орта мектебі төмендегі мақсат міндеттерді және әдістемелік тақырыпты алдыға қоя отырып жылдық жоспар құрды. Жылдық жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Пандемияға байланысты жаңа оқу жылындағы іс-шаралар онлайн түрде өтілді. Мектептің тәрбие жұмысы 8-бағыт бойынша жұмыс жасады.

Мектептің жұмыс істейтін мәселесі:

«Педагогикалық және ақпараттық технологияларды енгізе отырып, білім беру үрдісінің сапасын арттыру».

2021-2022 оқу жылындағы мектепшілік тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы:

«Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткеніне құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, тұлға қалыптастыру»

Мақсаты

-«**Мәңгілік Ел**» идеясының маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын азаматтық және жалпыұлттық идея оқушылардың бойында патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіретін білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеу;

-Әлеуметтік жобаларға деген қызығушылықты арттыру;

-Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру;

-Оқушыларда көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушыларда:

-ҚР мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру; Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

-«**Бала құқықтары**» туралы Конвенцияны іске асыру;

-ҚР Конституциясын басшылыққа алып құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту;

-ҚР «**Білім туралы заңын**» іске асыру бағдарламасын жалғастыру;

-Пандемия кезіндегі қауіпсіздік шараларын іске асыру, оқушылардың денсаулығын сақтау

-өмірдің ең жоғарғы құндылықтарын, олардың адамдар арасындағы қарым-қатынастағы көрінісін;

-жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі (адалдық, құрмет, парасаттылық);

-өз әрекеттері үшін жауапкершілік;

-оқу және зерттеу, ақпаратпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан, проблемаларды шешу, қарым-қатынас және ынтымақтастық, тиісті деңгейде үш тілді пайдалану түсінігін қалыптастыру.

Оқушыларды:

- адамдарға, әлеуметтік оқиғаларға эмоциялық жанашырлықпен қарау жағдайларына;
- даму және өмірде өзін-өзі таныту тәсілі ретінде зерттеу-шығармашылық қызметіне;
- өзін-өзі басқару істерінде белсенді қызметке тарту,

Олар:

- қоғамдық даму мәнісінде лайықты өмір сүрудің құнды болашағын туғызуға;
- өмірде жетістікке қол жеткізу үшін өзін-өзі реттеуді, тұрақты мінез-құлықты, өзін-өзі жетілдіруді қалыптастыруға;
- өзінің жан дүниесін, басқалармен байланысын, өзінің ел және адамгершілік үшін миссиясын ұғынатын әрбір оқушының ерекшелігін дамытуға **ықпал ету**. құндылықтарды жинаған, өз өмірі мен іс-әрекетіне жауап бере алатын, өз өмірінің қажеттілігін түсінетін, оқу мен зерттеу, ақпаратпен жұмыс істейтін және сын тұрғысынан ойланып өмірде жетістікке қол жеткізу.

Күтілетін нәтиже:

Оқушыларда:

-өмірдің ең жоғарғы құндылығын түсінетін, бойында жалпы адами және ұлттық құндылықтарды сіңірген, өзін-өзі реттейтін, тұрақты мінез-құлықты, жан дүниесі бай, өзінің ел және адамгершілік үшін миссиясын түсінетін тұлға қалыптасады.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлы іс. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзінің ісін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі- келешек қоғам тәрбиесі. Сол болашақтың иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, ғылыми-мәдени өрісі озық етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы. Елбасы «Қазақстан 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы деп Әлфараби бабамыз айтқандай балаға тәрбие беруіміз керек. Қазіргі оқушы жан-жақты, рухани бай тәрбиелі болуы тиіс. Баланың тәрбиесі, адамгершілік қасиеті болмаса құрғақ біліммен одан жеке тұлға қалыптаспайды. Тәрбие жұмысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша іс шаралар, бекітіліп атқарылуда. Тәрбие жұмысының басым бағыттары атап айтсақ:

Бірінші бағыт-Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

Екінші бағыт –Рухани-танымдық тәрбие

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі


Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу


Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Білім күніне орай салтанатты жиын концерттен соң, сынып жетекшілер «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Бастауыш және жоғарғы сынып оқушыларға Қазақстанның жетістіктері туралы ақпараттар берілді.



Бақытты отбасы дегенде көпшілігіміздің көз алдымызға қайратты әке, мейірімді ана, жадыраған балалар келеді. Шынында да солай. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Жанұя мүшелерінің сыйластығы, махаббаты, бір-біріне деген құрмет пен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр.


Отбасы тәрбиесі бағыты негізінде бастауыш сынып мұғалімі Усетаева Л.С. «Отбасы - бақыт мекені», ал Әлиева Ш.Ө «Қарттарым асыл қазынам» атты тәрбие сағаттарының оқушыларға берері мол. Оқушылардың үлкенге құрмет білдіріп, отбасының құндылықтарын бағалауға бағытталған.



Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай бастауыш сынып оқушылар арасында «Дала қоңырауы» атты суреттер көрмесі өтті. Жауапты болып өткізген бастауыш сынып мұғалімі Усетаева Л.С.



Ұстаздар күніне орай 7-8 сынып жетекшісі Бахи Алмазбек «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты ұстаздарды сыйлау, құрмет білдіру.



Экологиялық тәрбие бағыты негізінде 5-9 сынып оқушылар арасында «Туризм балалар көзімен» атты сурет көрмесі өткізілді. Ең жақсы сурет оқушылар жұмысы марапаттаумен бағаланды. Іс шара инстаграмға жүктелді.




Патриотизмге тәрбиелеу негізінде -3-9 сынып аралығында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді. Тарих пәнінің мұғалімі 9-сынып оқушылармен танымдық сағат ретінде іс шарасын өткізді. Сабақтардың мақсаты оқушыларды патриотизмге, туған жердің сүйіспеншілігін арттыру. 6-сынып жетекшісі Ахатхан А. «Біз тәуелсіз елдің болашағымыз» оқушылардың бойына туған жердің қасиетін қастерлеуге баулиды.




Зияткерлік, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу негізінде – 9- сынып оқушылармен сынып жетекші Хызмет О. «Мамандықтар әлемі» атты сыныптан тыс жұмысын өткізді. Оқушыларға мамандық жайлы мағлұмат берді. «Интернетсіз бір күн» 7-8 сыныппен Бахи А. сыныптан тыс жұмысын өткізді.

Рухани –танымдық тәрбие – бойына «Адамгершілік -рухани байлық» 5-сыныппен Қайық Н.М. сынып сағатын өткізді.


Мектебімізде 7- сынып жетекші міндеттерін атқаруда, сыныптары безендірілген, тазалық жасалуда, сынып сағаттарын өткізуді. Арнайы жоспарланған ашық сынып сағаттар және сыныптан тыс жұмыстар уақыттылы өткізіліп жатыр. Өткізілген жұмыстар фото мен инстаграмға салынып жатыр. Мектебімізде «Ең жақсы сынып» сайысы ұйымдастырылды, комиссия құрамына мектеп директоры мұрат Н., тәрбие –ісінің меңгерушісі Атағужина А.Ж. және ата –аналар комитетінен Салдат Еркегүл сыныптарды аралап, сынып жабдықталуын, безендірілуін қарап өз шешімін шығарды. «Сыныпты безендіру» сайысы бойынша 0-3сынып жетекшісі I орын Усатаева Л.С., II орын 6-сынып жетекшісі Ахатхан А., III орын Қайын Н.М., және қатысқан үшін 7-8-9 сынып жетекшілер Бахи А., Хызмет О. марапатталды. Атаулы мерекелер бойынша «Білім күніне» орай сынып «Тәуелсіздік жетістіктері» 3-9 сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Алтын күз мерекесіне сынып жетекшілер өз сыныптарын безендіріп «Алтын күз» мерекесін өткізді. Әсіресе 5-6,3-4 сыныптар жақсы ұйымдастырылған. Бастауыш сыныпта оқушылар көкөніс, жемістерден бұйымдар жасап көрме ұйымдастырды.



Тәлімгер Уай Мейрамханның ұйымдастырумен 5-9 сынып арасында «Президент сайлау» өткізілді, сайлау жасырынды түрде болды, сайлауға оқушылар, ұстаздар қауымы қатысты көп дауыс жинаған 9- сынып оқушысы Жанболат Наурызбай, мектеп президенті болып сайланды.



Жаңа жыл мерекесінде оқушылар сынып жетекшімен бірге іс шараларын ұйымдастырды. Шырша құрылып, Аяз ата мен Ақша қар қатысты. Оқушылардың көңілінен шықты. Бәрі жақсы безендірілген.



«Жас ұлан» ұйымына 5-сыныпқа 4 оқушы қабылданды. Президент күніне орай тәлімгер 9-сыныппен «Тұғыш Президент» атты танымдық сағат өткізді. «Қазақстан Республикамыздың

Тәуелсіздігіне орай» онлайн түрінде 5-9 сыныптар арасында тәлімгер ұйымдастырумен ән байқауы жүргізілді.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған ҮІ аудандық «Бала би» шешендік өнер сайысының жеңімпаздары 8-сынып оқушылары Уайс Нұргүл және Қабил Аяжан, жетекшісі Хызмет онашыбай.




Сынып жетекшілер сыныптрын дайындауға атсалысты. Сайыс қорытындысы ең көп лүпіл, пікір жинаған сынып жеңімпаз атанды. I орын 5-сынып, II орын 9-сынып, III орын 7 сынып болып марапатталды. Қазіргі таңда сынып жетекшілер өз міндеттерін жауапкершілікпен атқаруда, кезекші мұғалімдер оқушылардың дене қызуын күн сайын өлшеп тіркеу журналына жазып отыр. Барлық атқарылған іс –шаралар инстаграмм желісіне салынуда. 1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектеп оқушылары ашық хаттар жазып таратып, ата-аналарына, мұғалімдеріне, достарына,туған туыстарына алғыстарын айтып видео құттықтаулар жолдады. 8-наурыз халықаралық аналар күніне орай мектеп оқушылары видео құттықтаулар түсіріп аналарына жүрек жарды өлең жолдарын арнады. Сынып сағаттары өткізілді. Наурыз мерекесіне орай мектебімізде 3-9 сынып оқушылар арасында «Ұлыстың Ұлы күні Наурыз» мерекесіне орай концерттік іс-шара өткізілді.




Және ұлттық ойындарға байланысты «Тоғызқұмалақ», «Бес асық» ойындары өткізілді. 1 мамыр күніне арнайы концерт ұйымдастырылды, әрбір сынып бір ұлттың өкілдерінің киімін, биін салт-дәстүрін көрсетті. 12-сәуір Ғарышкерлер күніне орай кітапханашы сурет көрмесін өткізді.

15-мамыр Халықаралық отбасы күні мектеп оқушылары «Менің отбасым» фото-коллаж жасады. «Қош бол бастауышым» 4-сынып оқушылар арасында бастауышпен қоштасу өткізілді, сынып жетекшісі Ахатхан А.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған ҮІ аудандық «Бала би» шешендік өнер сайысының жеңімпаздары 8-сынып оқушылары Уайс Нұргүл және Қабил Аяжан, жетекшісі Хызмет онашыбай.




Даярлық топ оқушылармен сынып жетекшісі Усетаева Л.С. ертеңгілік ұйымдастырды. Бүлдіршін балаларға жетекші қызықты тапсырмалар әзірлеп, орындатқызды.




1-4 сынып оқушыларының жазғы демалысы мектеп жанындағы алаңында ұйымдастырылады. Жауапты мұғалімдер жоспар құрып оқушылармен іс-шаралар ұйымдастырып әр түрлі жұмыстар атқарып отырады. Балаларды қорғау күніне өткен концерттік іс шара.



25 мамыр күні «Сыңғырла соңғы қоңырау» атты концерттік іс-шара өткізілді. 9-сынып оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. 9 оқушы мектеп табалдырығын аяқтады. Сынып жетекшісі Хызмет О.




Жазғы демалыс кезінде бастауыш және жоғарғы сынып оқушылары тәрбие-ісінің меңгерушісі Атагужина Айнур Жексембаевнаның ұйымдастырумен және жауапты болып ағылшын тілі мұғалімі Қайық Нұрғайша Мирболатқызы екеуі оқушыларға М.Ғабдуллин атындағы мұражайына саяхат ұйымдастырды, содан соң оқушылар саябақта қыдырды. Оқушылар мәз мейрам болып, жақсы күймен үйлеріне оралды.



7-сынып оқушысы Хурманхазы Ахерке өлкетану бойынша сайысқа қатысып Зорынмен марапатталды, жетекшісі Мурат Нурсауле.



Мектеп директоры Мурат Нурсауленің ұйымдастырумен мектебімізде «Әдемі ата» Еңбек-Бірлік ауылының тумасы Қабыкен Қонқаевтың шығармашылығына арналған кездесу өтті. Кездесу мақсаты: оқушыларды әдеби шығармаларды оқуға үндеу, атақты ауыл жерлесіміздер туралы ақпараттар ету. Тәрбие жұмысының басты мақсаты оқушылардың бойына адамгершілік, сыйластық, мейірімділік қасиеттерін бойларына сіңіру.



25 мамыр күні «Сынғырла соңғы қоңырау» атты концерттік іс-шара өткізілді. 9-сынып оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

Мектеп жанындағы демалыс лагерінің жоспары құрылып, бекітілді. Бастауып сынып оқушылары жазғы демалыс лагеріне күнделікті сағат 10:00 жиналып мемлекеттік гимнді орындаудан бастап, жауапты мұғалім балалардың денсаулығы мен тазалығын тексеру жүргізеді. Танертеңгілік бой жазу жаттығулары орындалады. Балалар шеңбер құрып тұрады. Тәлімгер мұғалімі ортаға шығып жаттығудың жасалу жолын көрсетеді. Ол жаттығу аяқталған соң, шеңбер құрып тұрған балалардың бірі ортаға шығып басқа жаттығуларды, саппен тұру, жүру жаттығулары орындалады. Оқушылар таңғы жаттығуларды қызығушылықпен орындайды.

Таңғы жаттығудан кейін, мектеп ауласы мен сынып бөлмесіндегі қауіпсіздік туралы нұсқау беріледі. Әр күнгі нұсқаулар суға шомылуға, асханадағы тамақтану ережесі, бастан күн өткізбеу ережесі, сынып бөлмесіндегі техника қауіпсіздік ережелерімен таныстырылады.

Жаттығу жасап болған соң, оқушыларға ағылшын тілінен үйрету сабағы болады. Оқушылар ағылшын тілінен жаңа сөздер, тақпақтар үйренді. Бір-біріне сұрақтар қойып, сөздікпен жұмыс жүргізді. Өз отбасы туралы әңгіме құрастырды, жалпы ағылшын тілінен сабақ қызықты өтті.

Шығармашылық кезеңінде оқушылар әр түрлі тапсырмаларды орындап отырды. Мақал-мәтел айтудан жарыс өткізілді. Ертегілер ішіндегі кейіпкерлерді рөлге бөліп ойнады, оқушылар өз ойларынан өтірік өлең құрастырды. Оқушыларға тақпақтар оқылып отырды, олар сол тақпақтың ұйқасын тауып отырды. Оқушылар өздерінің білетін ертегілерімен бөлісті. Сол ертегінің мән-мағынасын ашты. Ертегілер арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын күн сайын арттырып отырды.

Ермексазбен «Жаз» композициясын жасады. Балалар ермексазбен жұмыс орнын дайындап, сынып жетекшісі ермексазбен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін ескертті. Оқушылар сыртқа шығып асфальтта сурет салды. Ең жақсы деген суреттер анықталып, оқушылар марапатталды. Түрлі-түсті қағаздардан «Табиғат гажайыптары» тақырыбында аппликация жасады. Өз қиялдарынан «Сыйлықтарына қобдиша жасады.» Ең жақсы деген суреттерден көрме ұйымдастырылды. Табиғи материалдармен жұмыс жүргізілді. Қол икемділіктерін жетілдіру мақсатында түрлі эшекей бұйымдар, мазайка құрастыруды, кима қағаздардан жеміс жидектер мен көкөністер жасап оның денсаулыққа пайдасы жайында айтылды. Оқушылардың сурет салуға қызығушылығын арттыра отырып, сурет көрмесін ұйымдастырды. Эстетикалық талғамдарын арттырды.

Қазақтың ұлттық ойыны «Ақсерек-көксерек», «Сикырлы таяқ», «Ақсүйек» ойыны эстафеталық ойындар ойнатылды.

Оқушыларға мультфильмдер, «Ерте, ерте, ертеде ...» аудио- видео құрылғыларды пайдаланып «Түлкі мен Арыстан», «Алдар көсе» ертегілері көрсетілді.

Бұл көрсетілімдегі негізгі мақсаты шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Оқушылардың әр күні көңілді қызықты өтті,көңіл-күйлері көтеріңкі болды.Шығармашылық жұмыстарға оқушылар белсене қатысып,өз ойларымен бөлісе білді.Бір-бірімен қарым-қатынастары да жақсы болды. Оқушылар лагерден көптеген тың дүниелерді ұғып, шығармашылық қабілеттерін арттырып отырды.

Жазғы демалыс кезінде бастауыш және жоғарғы сынып оқушылары тәрбие-ісінің меңгерушісі Атағужина Айнур Жексембаевнаның ұйымдастырумен және жауапты болып ағылшын тілі мұғалімі Қайық Нұрғайша Мирболатқызы екеуі оқушыларға М.Ғабдуллин атындағы мұражайына саяхат ұйымдастырды, содан соң оқушылар саябақта қыдырды.

Оқушылар мәз мейрам болып, жақсы күймен үйлеріне оралды.

